«Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасы

# «Бір ғажап ермексаз»

**Вариативтік компонент**

**«Қарлығаш» ересек тобы**

**2019-2020 оқу жылы**

Scanned by TapScanner

Бекітемін
«Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасы»
ЖШС"-нің меңгерушісі
________________Ж.Кунбаева

«Қарлығаш» ересек тобы 2019-2020 оқу жылы
Вариативтік компонент: «Бір ғажап ермексаз»

| мерзімі | тақырыбы | Сағат саны | |
|---|---|---|---|
| Кыркүйек | Бақшадағы қызынақ пен қияр | 1 | 3.09.2019 |
| | Алма мен алмұрт | 1 | 10.09.19 |
| | Күз сыйы | 1 | 17.09.19 |
| | Таспақалар | 1 | 24.09.19 |
| Қазан | Алтын балық | 1 | 1.10.19 |
| | Маяға арналған гүл | 1 | 8.10.19 |
| | Бәйшешек | 1 | 15.10.19 |
| | Алма ағашы | 1 | 22.10.19 |
| | Қаңқыз | 1 | 29.10.19 |
| Қараша | Добым.добым дөңгелек, Тоқтамайсын дөңгелеп | 1 | 5.11.19 |
| | Жүзік | 1 | 12.11.19 |
| | Гүлге толы себет | 1 | 19.11.19 |
| | Қуыршаққа арналған моншақтар | 1 | 26.11.19 |
| Желтоқсан | Анама арналған гүл | 1 | 3.12.19 |
| | Үлкен және кіші саңырауқұлақтар | 1 | 10.12.19 |
| | Кірпілер | 1 | 24.12.19 |
| | «Шыршаға арналған ойыншықтар | 1 | 31.12.19 |
| Қаңтар | «Мен, менің достарым жануарларым» | 1 | 14.01.20 |
| | Аққала» | 1 | 21.01.20 |
| | Ұшақ | 1 | 28.01.20 |
| Ақпан | Үйрек | 1 | 4.02.20 |
| . | Торғай | 1 | 11.02.20 |
| | Машина | 1 | 18.02.20 |
| | Балапан | 1 | 25.02.20 |
| наурыз | Үй жануары «Қозы» | 1 | 3.03.20 |
| | Түймедақ | 1 | 10.03.20 |
| | Адам бейнесі | 1 | 17.03.20 |
| | Гүлді алма ағашы | 1 | 24.03.20 |
| | Үлкен және кіші саңырауқұлақтар | 1 | 31.03.20 |

Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Бақшадағы қызанақ пен қияр»
Күні 3.09.2019ж
**Мақсаты:** көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру; көкөніс түрлері турлы білімдерін дамыту; ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілдерін меңгеру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Көкөністі жуып жеуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу
**Қолданылатын көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар:** көкөніс түрлерінің суреті, үлестірмелі материал, ермексаздың қызыл, сары, жасыл және қоңыр , қара түстері , тақтайша, ермексаз кесуге арналған құрал, сулық, тақтайша
**Алдын ала орындалатын жұмыс:** көкөністер туралы суретті кітапшаларды қарау
**Сөздік жұмыс:** көкөніс
**Билингвальді компонент:** бақша-огород, қызанақ-помидор, қияр-огурец

| Оқуіс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешініңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Балаларға бақшаның суретін көрсетіп, бақша туралы өлең оқиды:<br><br>Бақша біздің жаман емес<br>Бұршақ және сәбіз бар,<br>Пияз бенен қызылша<br>Қызанақ пен қияр бар<br>Балалар , бізге келіңдер.<br>Дәмін татып көріңдер?<br>(Г.Бектұрова) | Балалар суретті қарап, тәрбиешіні тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. |
| **Ұйымдастырушылықізденістік** | -күзде бақшада нелер піседі?<br><br>-көкөністерді не үшін өсіреді?<br><br>-Көкөністердің адам ағзасына қандай пайдасы бар?<br><br>Қандай көкөністерді бірден жеуге болады, қайсысынан салат жасауға болады?<br><br>Көкөністерді көп жеу керек. Көкөністі күнделікті падаланатын адамның денсаулығы мықты болады. Иммунитеті жоғары болады.Тәттінің орнына көкөністі көбірек жеу керек.<br>**Сөздік жұмыс:** көкөністер<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық»**<br><br>Қапшықтың ішіне қияр мен қызанақ салынады. Балаларға қапшықтың сыртынан ұстап, қияр мен қызанақты ажыратып, | -Қияр, қызанақ,сәбіз, орамжапырақ,картоп<br><br>-тамаққа қосады, салат жасайды<br><br>-көкөністің пайдасы көп, оның құрамында дәрімендер бар.<br><br>-қияр, қызанақ, сәбізден<br><br>**Қайталайды:** көкөністер<br><br>Ойынға кіріседі, жауап береді |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | сипаттама берулерін сұрайды.<br><br>-Қызанақ пен қиярды көрмей-ақ қалай ажыраттыңдар?<br>-Олардың түсі қандай?<br>-Екеуін қосып, не жасауға болады?<br><br>-Көкөністерді қай кезде жинайды?<br>Үлестірмелі материалға назарларын аударады.<br>-Атайдың бақшасындағы көкөністердің бәрі пісіпті. Біз де атайға көкөніс жинауға көмектесейік.<br>-жинаған қиярымызды бір қызанақты екінші жәшікке саламыз. Қияр мен қызанақ жасау үшін қандай түсті таңдаймыз<br><br>Қызанақты қалай мүсіндейміз?<br><br>-Осы домалақтың сабағы тұратын орныны саусақ ұшын батырып, сәл шұңқырлаймыз. Шұңқырға кішкентай сабағы мен жапырағын орналастырамыз.<br><br>-Қиярды өзіміз білетін қандай тәсілмен жасаймыз?<br><br>Қиярдың кішкентай сабақшасын жасаймыз. Енді атайға жәшіктің ішін толтыруға көмектесуіміз керек. Сондықтан бірнеше қияр мен қызанақ жасаймыз.Жасаған көкөністерді жәшікке саламыз.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>**Билингвальді компонент:**<br><br>*бақша-огород, қызанақ-помидор, қияр-огурец* | -Қызанақтың пішіні, домалақ, ал қиярдың пішіні сопақша болады<br>-Қияр жасыл, қызанақ қызыл<br>Екеуін қосып, салат жасауға болады<br><br>-Күзде<br><br>Үлестірмелі материалды қарайды<br><br>Қызыл және жасыл<br><br>Ермексаз бөлігін алақанға салып, айналдыра домалақтаймыз<br><br>Ермексаз бөлігін алақан арасына салып есіп, сопақша пішінге келтіреміз.<br><br>Жасаған көкөністерін жәшікке салады<br><br>**Қайталайды:**<br><br>*бақша-огород, қызанақ-помидор, қияр-огурец* |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Балаларды мадақтайды.<br><br>-Балалар, қарандаршы, қандай көп көкөніс жинадық. Бізге ғана емес, бүкіл балабақша балаларына жетеді. Атай да сендерге алғысын | Қуаныштарын білдіреді<br><br>Бір-бірінің жұмыстарын қарайды |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | білдіріп жатыр | |

**Күтілетін нәтиже:**

**біледі:** ермексазды алақан арасына салып есу, домалақтау тәсілдерімен қызанақ пен қиярды мүсіндейді;

**игереді:** ұқыпты жұмыс істеуді; көккөністің адам ағзасына пайдасын

**меңгереді:** домалақ және сопақ пішіндер жасауды



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Алма мен алмұрт**

Күні 10.09.2019ж

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру;алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі айырмашылықты анықтау;ермексазды домалақтау,созу тәсілдерін қайталау.Тілдерін дамыту,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | |
| **Көрнекіліктер** | ермексаз, тақтайшалар, сулықтар, жемістер бейнеленген натюрморт, кәдімгі алма мен алмұрт, үлестірмелі материал. | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Магниттік тақтаға натюрмоттар ілінеді. («Алмалар мен жапырақтар», «Себеттегі алмалар» және т.б.)<br>-Суреттерде не бейнеленген?<br>- осы суреттер сендерге қандай көңіл күй сыйлады?<br>Бұл суреттер ашық түсті және көңілді бояулармен салынған, сондықтан оларға қарағанда бізде қуаныш пен көтеріңкі көңіл күй пайда болады | |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | - Суретші неге алмаларды қызыл дастарқанның үстіне бейнелеген?<br>-Әрине, сары және жасыл алмалар дастарқан үстінде әдемі көрініп тұруы үшін ойластырылған.<br>- Тағы бір суретте алмалар үстелдің үстінде жатыр, олар - қызыл және жасыл түсті жылтыр алмалар. Суретші олардың әртүрлі түсіне, көлеміне, дөңгелек пішініне,тәттілігіне қызығып бейнелеген болуы керек?<br>- Сендерге қандай алма керек?<br>-Ал енді үлкен жапырақтардың үстінде жатқан алмаларға қарандаршы. Осы суреттерді бір-бірімен салыстырыңдар. Суретпен жұмыс аяқталғаннан кейін алма мен алмұртты қолына ұстап көрсетіп, пішінін салыстыруды сұрайды.<br>- Бізде алма мен алмұрттың бірнеше түрі, түсі бар. Әртүрлі жемістерді суретшілердің картинасындағыдай сауытқа әдемілеп орналастырайық.<br>- Бүгін біз осы алма мен алмұрттың бірнеше түрі,түсі бар. Әртүрлі жемістерді суретшілердің картинасындағыдай сауытқа әдемілеп орналастырайық.<br>-бүгін біз осы алма мен алмұртты ермексаздан жасап үйренеміз. Үлестірмелі материалға назарларын аударады. Сурет бойынша әңгіме жүргізеді.<br>Қазір күз мезгілі. Бақтарда піскен жемістерді жинайды. Марат та бүгін атасына көмектесіп, бақтағы алма мен алмұртты жинап жатыр. Біз оған жәшіктерді толтыруға көмектесейік. Бір жәшікке жасаған аламаларымызды саламыз, екншісініе алмұртымызды саламыз. Біздің де жасайтын жемістеріміз ағашта өсіп тұрғандай әдемі, жылтыр болсын | Алмалар жақсы көрінуі үшін<br><br>Ең әдемілері – қызыл, қызғылт түстілері<br>-Алманың пішіні дөңгелек , кішкентай сабағы бар, оған жапырақ орналасқан Алмұртың пішіні сопақшалау болып келеді.<br><br>Суретке қарайды. әңгімені тыңдайды. Ынталарын білдіреді Балалар көрсету бойынша саусақ жаттығуларын жасайды |
| | **Сергіту сәті**<br>- Саусағым, қайда болдың?<br>- Балалармен не істедің?<br>- Бір баламен жүгірдім<br>- Бір баламен биледім<br>- Бір баламен қыдырдым<br>- Бір баламен ойнадым<br>- Бір баламен секірдім<br>- Достарымды жинаймын<br>Мүсіндеудің бастаймын<br>(Г.Бектұрова ) | |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу тәсілін көрсетеді.<br>- Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен алманы жасаймыз. Алманың сабағын орналастыратын жерді саусағымызбен шұңқырлаймыз. Сабағы мен жапырағын жасап , шұңқырға орналастырамыз. Алмұртты жасау үшін , алмадан үлкендеу дөңгелек жасап, жоғарғы жағын сопақша пішінге келтіріп жағын сопақша пішінге келтіріп созамыз. Сыртын тегістейміз. Жасаған жемістерінді жәшікке салыңдар. | |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Балалар Марат сендерге жәшікті толтыруға көмектескендерің үшін алғысын білдіріп жатыр. Ол өзінің ауласындағы бақта пісіп тұрған жемістерінен сендерге беріп жіберіпті . Балаларға алма, алмұрт үлестіреді | Қуаныштарын білдіреді.<br><br>Маратқа беріп жіберген жемістері үшін алғыс айтады |

| **Күтілетін нәтиже:** | |
|---|---|
| **Біледі** | домалақтау, созу тәсілімен жемістер жасайды; |
| **Игереді** | әртүрлі жемістерден үйлесімді натюрморт құрастыруды; күзгі жиын-терін туралы |
| **Меңгереді** | домалақтау, созу дағдыларын |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Күз сыйлығы»

Күні17.09.2019ж

**Мақсаты:** **Білімділік:** Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

**Дамытушылық:** Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.

**Көрнекілігі:** Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар.

**Сөздік жұмыс:** қамқорлық, төрт түлік мал. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

**Қостілділік компоненті:** алма-яблоко, қияр-огурец.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | - Балалар, бізде бүгін ерекше күн.<br>- Біз оқыту іс-әрекетімізді шаттық шеңберінен бастайық.<br><br>Ия балалар, әрбір арайлап атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге қуанайық.<br><br>-деп оқу іс-әрекетімізді бастайық. | Күннің көзі ашылды,<br>Көкке шуақ шашылды.<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті.<br>Ал қанекей бәріміз!<br>Сәлем дейік үлкенге<br>Сәлеметсіздер ме Апайлар!!!<br><br>Бізбен бірге бар әлем<br>Қуанады балаша.<br>Қуанышқа бөленген<br>Өмір қандай тамаша! |
| **Іздену ұйымдастырушы** | Бүгін аптаның нешінші күні?<br>Жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Айларын атаңдар.<br>Күз мезгілі екенін қалай білеміз?<br><br>-Дұрыс айттыңдар.<br><br>-Балалар, біз күз мезгілі туралы тақпақ білеміз бе?<br>Қанекей кім айтады?<br><br>**-Ғажайып сәт**:<br>Көңілді әуенмен, күз кіреді.<br><br>Сары жібек көйлегімді<br>желбіретіп,<br>Жапырағын ағаштың<br>селбіретіп.<br>Тойға бөлеп елімді<br>«Күз» боп келдім | Балалар сұрақтарға толық және нақты жауап береді.<br><br>Ағаштардан сары, қызыл, қоңыр жапырақтар ұшып жерге түседі. Ауа-райы суық болады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жылы киінеміз<br><br>**Жантөре:**<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br><br>**Аружан:**<br>Түсіп жатыр аулада<br>Ағаштардан жапырақ.<br>Алтын күзім келді ма?<br>Сарғайыпты жапырақ. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Нұр тамшысын аспанның<br>мөлдіретіп.<br><br>Балалар, біз де күзге тақпақ айтып берейік.<br><br>-Рахмет балалар!<br>- Мен сендерге ойын алып келдім.<br><br>- Жарайсыңдар балалар!<br>Дәмін татып қай жеміс екенін тез және тура таптыңдар.<br><br>**Сергіту жаттығуы.**<br><br><br><br><br><br><br>**Ойын**: **«Ғажайып қоржын».**<br>мақсаты: қоржыннан алған жеміс-көкөністерді атау.<br><br>**Алма** – домалақ, түсі қызыл, сары, жасыл, дәмі тәтті.<br>**Қияр** – сопақша, түсі жасыл.<br>**Сәбіз** – түсі қызыл-сары, өте дәмді.<br>**Анар** – домалақ, дәмі қышқыл-тәтті.<br>Барлық көкөніс пен жемістер дәруменге бай.<br>Алма мен қиярдың мүсінін жасалу тәсілін балаларға көрсетіп,оларды екі орталыққа бөлу:<br>I – **Жемістер орталығы**.<br>мақсаты: алманың мүсінін алақан арасында тұзды қамырды есіп жасау.<br><br>II – **Көкөністер орталығы.**<br>мақсаты: қиярдың мүсінін алақан арасында тұзды қамырдан жасау. | **Жомарт күз**<br>Жемісті мол теретін<br>«Күз» дос екен біздермен<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен «Күз» деген!<br><br>**Ойын: «Дәміне қарай тап!»**<br><br><br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Бау-бақшаға барамыз.<br>Алма теріп аламыз,<br>Жүзім теріп аламыз.<br>Сәбіз, қияр тереміз,<br>Бәрін себетке саламыз,<br>Тобымызға келеміз,<br>Қолымызды жуамыз.<br>Орнымызды табамыз.<br><br>Балалар сергіту сәтін іс-қимылмен жасайды.<br><br><br>Алма,қияр,сәбіз, анар.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>«**Шебер қолдар**» тақырыбында балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. |
| **Рефлексивті коррекциялау** | Қонаққа кім келді?<br>Қандай жеміс пен көкөністің мүсінін жасадық?<br>Ұйымдастырылған оқу іс-ірекетінберілген тақырыпта сұрақ-жауап арқылы қортындылау, балаларды мақтау. | Күз келді!<br>Алма, қияр.<br><br>Балалар өзінің іс-әрекетін әңгімелейді, мүсіндеген жұмысына баға береді. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Білуі немесе хабардар болуы:** Күз мезгілінде барлық жеміс, көкөністер пісіп, жиын-терім болатынын түсіне білді.

**Қалыптасқан әдет:** Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қызығушылық танытады.

**Істей біледі:** Балалар өз бетімен іс-әрекет жасап, алма мен қиярдың мүсінін жасауды меңгере білді.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Тасбақалар.**
**24.09.2019ж**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Тақырыпты зейін қойып түсініп , мазмұнын түсіне білуге үйрету, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге ынталарын арттыру. | |
| **Көрнекіліктер** | Үлестірмелі суреттер, плакат т.б | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Сендерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын. Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн! *(Қолдарын жайып, көкке көтереді.)*<br>Армысың, абзал Адам! *(Қолдарын алға созады.)*<br>Армысың, менің досым! | Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды. |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | Тасбақалар<br>Жаңа білімге байланысты видеожазба тамашалау<br>Алған әсерлерімен бөлісу<br>Жасалу жолымен танысу | Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды. |
| **Сергіту сәті** | «Мен білемін».<br>Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын бекіту, байқығыштық пен зейінді дамыту.<br>Мазмұны: педагог допты қолдана отырып, келесі мәтінді айтады, бұл кезде допты еденге ырғақпен соғу.<br>– Мен ұлдардың бес атын білемін:<br>Арман – бір<br>Әділет – екі<br>Қуаныш – үш<br>Асхат – төрт<br>Нариман – бес<br>Әрі қарай келесі ойыншыға доп беріледі. Олкелесі бес заттыатайды. Бұлкез-келген заттар болуы мүмкін (ойыншықтар, гүлдер, ағаштар, аңдар). | Балалар ойын ойнайды |
| **Рефлексивті — түзетушілік** | Сарамандық жұмыс<br> | Тапсырмаларды әр бала өзалдына ерекшеорындады. |

**Күтілетін нәтиже:**

| | |
|---|---|
| **Біледі** | Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады. |



Scanned by TapScanner

| | |
|---|---|
| **Игереді** | Жаңа білімді түсінеді |
| **Меңгеред і** | Сұрақтарғатолықжауапберуге үйрену. |

**Алтын балық 1.10.2019ж**

Мақсаты:

1)Балалардың қол моторикасын дамыту.

2)Ермексазбен жұмыс жасаудың дәстүрден тыс әдістерін үйрету

3)жұмысын орындауда шыдамдылық қабілеттерін қалыптастыру

4)бүтін ермексаз кесегінен шымшып үзіп алу,қағаз бетіне жағуды үйрету

5) Балық және оның дене мүшелері туралы білімдерін нақтылау ( теңгелері, желбезектері,т.с.с.)

**Керекті құралдар:** балық суреті салынған картина, ермексаз(сары, қызыл, ақ және қара түсті), жалбыз, тастар жабыстырылған жасалған аквариум суреті,балық суреті

***Алдын ала жүргізілетін жұмыс: балықтар туралы әңгімелесу, балықтар суретін қарау, балық туралы көркем шығарма оқу***,қимылды ойын «Балықтар мен балықшылар».

| | Тәрбиешінің іс -әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| Ой қозғаушы | Балалар, бүгін бізге ертегілер елінен балық жүзіп келіпті. Ол жәй балық емес, алтын балық екен. Ол қай ертегіден екенін анықтаңдар.<br><br>*Теңіздің жағасында кемпір мен шал,*<br>*Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.*<br>*Күн көрген бишаралар балық аулап,*<br>*Болмапты төрт түліктен ырымға мал.*<br>*Үсті шым, асты шұқыр жерден жырған*<br>*Баспана мекенінің сиқы тұрған.*<br>*Бала жоқ қолқанаттық екеуінде,*<br>*Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.*<br>Ал, мына сөздер қай ертегі кездеседі?<br>*«Шортанның әмірімен, менің қалауыммен.....»*<br>Жарайсыңдар, балық туралы ертегілерді біледі екенсіңдер.Не үшін ертегідегі алтын балық тілектерін орындай алады екен? | <br>Бұл «Алтын балық» ертегісі<br> |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Ал енді, орнымызға жайғасып, суреттегі балықтынденe құрылысындағы ерекшелігін анықтайық.<br>Балықтың несі бар?<br>Балық құйрығы рольдің қызметін атқарса, желбезектері арқылы жүзеді.<br>Балықтың денесі немен қапталған?<br>Теңгелер балықтардың денесін үшкір тастар мен жыртқыштардан жарақаттанудан қорғайды.<br>Балық туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br><br>Сергіту жаттығулары<br>Тұп-тұнық мөлдір суда, | «Шортанның әмірімен» ертегісі<br>Себебі ол сиқырлы балықтар. Сондықтан ғажайыптар жасай алады.<br>Балықтың денесі, құйрығы, желбезегі, көздері бар.<br>Теңгелермен қапталған<br><br>Табиғаттың бұйрығы,<br>Ол балықтың жүйрігі.<br>Құйрығы оның сияқты,<br>Қарлығаштың құйрығы.<br><br>Айқайлама, ұрыспа,<br>Тіпті ақырын тыныста.<br>Сазан нағыз сақ балық,<br>Жоламайды дыбысқа<br><br>Балалар өлең текстіне сәйкес сергіту жаттығуларын жасайды |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| Жетекші жөндеуші | Балық жүзіп жүр екен.<br>Біресе керіледі, біресе жиырылады.<br>Біресе құмға тығылады.<br><br>Балалар, біз бүгін «Алтын балықтың» суретін ермексаздан саламыз. Қызыл сары түсті ермексазды алып, алдарындағы балық суретінің құйрығын, басын жұқалап жағып шығамыз. Ол үшін кішкене ермексаздан шымшып үзіп аламыз. Одан шарик жасап, балықтың суретіндегі (құйрығы мен басына)орналастырып, ермексазды сызықтан асырмай жұқалап жағып шығамыз. Балықтың теңгелерін сызыл сары ермексаздан шымшып үзіп алып,алақанға салып дөңгелектейміз,саусақпен жаншып теңге жасаймыз, балықтың денесіне қатарластырып орналастырып шығамыз.Осылайша балықтың теңгелерін толық жапсырып шығамыз.<br><br>Балалар, тағы балықтың несі қалды?<br><br>Балықтың көзін ақ және қара түсті ермексазбен жасаймыз<br><br>Міне,біздің алтын балығымыз да дайын болды.<br><br>Балалар жұмысын көрме жасау<br><br>ТРИЗ ойыны «Балықтан тілек тілеу» | <br>Балықтың көзі мен тұмсығы қалды<br> |

| Күтілетін нәтиже: | |
|---|---|
| **Біледі** | Балық және оның денге мүшелері туралы біледі |
| **Игереді** | Ермексазбен жұмыс жасаудың дәстүрден тыс әдістерін үйрету |
| **Меңгереді** | Дәстүрден тыс әдіс арқылы гүлді бейнелеу |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Маяға арналған гүл**
**Күні: 8.10.2019**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Балаларды өсімдіктің құрылысы туралы білімдерін нақтылау, дәстүрден тыс әдістер арқылы ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, | |
| **Көрнекіліктер** | Ара Маяның муляжы, ермексаз, гүлдің суреті салынған жасыл картон. | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!<br>Балалар, қарандаршы бізге кім қонаққа келді? Ия, бұл ертегідегі Мая арасы. Ол өте көңілді, еңбекқор, ұқыпты ара. Бірақ бүгін көңілсіз.Мая не үшін көңілсіз отырсың?<br><br>Балалар, Маяның ертегі алаңында қандай гүлдер өскенін білесіңдер ме?<br>Мен жұмбақпен қандай гүл өскенін айтамын, сендер жұмбақтың жауаптарын табыңдар<br><br>Өзі сондай нәзік,Су құйсаң кетеді алақанын жайып.<br>Ол гүлдің отаны<br>Қазақтың кең даласы.<br>Көктемде құлпырып,<br>Қып-қызыл болар қарашы.<br><br>Жапырағын ұстасаң,асты суық,жылы үсті.<br>Дәрі жасар бұл гүлден. | Балалар тақпаққа сай қимылдар жасайды<br><br>Бұл бал арасы «Мая»<br>Менің ертегі әлемімде әдемі гүлдер өсетін еді. Мен гүлден гүлге қонып, бал жинайтынмын. Бір күні суық тентек жел сиқырлап гүлдерімді ұлпа қарларға айналдырып, ұшырып жіберді. Аланда әдемі, хош иісті гүл қалмады. Мен енді балды қайдан жинаймын?!<br><br>Жауқазын<br><br>Түймедақ |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | Балалар, ермексаздан Маяға арнап ермексаздан ертегідегі гүлдер алаңқайын жасап берейік. Сендердің алдарында гүлдер салынған жасыл картон жатыр. Гүлдерді түрлі ермексазбен әсемдейік. Ол үшін гүлдерді анықтап көріп алайық.<br>Гүлдің ортасы қалай пішінде екен?<br>Гүлдің тағы несі бар?<br>Ендеше, бірінші гүлдің ортасын жасаймын. Ол үшін сары ермексазды алып, дөңгелек шар илеп аламын, екі саусақпен жаншып жалпайтып, оны картонға жапсырамын. Ал гүлдің күлтесін ақ ермексазды кішкене үзіп алып, гүлдің ортасына жақындата жапсырамын, күлте пішініне келтіре жағып шығамын.Осылайша барлық күлтесін әдемі гүл пайда болғанша толтырамын.<br>Міне , менің әдемі гүлім де пайда болды. | Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br><br>Дөңгелек пішінді<br>Күлтелері бар |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | Ұшады, қонады<br>Гүлдердің қонағы.<br>Қысында көрінбейді,<br>Жазында болады.<br>Түсі сары ала | Балалар жұмбақ мәтініне қарай қимылдар жасайды |
| **Рефлексивті — түзетушілік** | Сарамандық жұмыс<br><br>Балалар, міне барлықтарың да гүлдеріңді жасап болдыңдар. Енді алаңқайға жинап, Маямен бірге қарап шығайық. Біздің ертегі алаңқайымыз өте әдемі болды. Маяның да көңілі көтеріліп қалды.Сендерге «рахмет» айтып, гүлдерден жинаған балын берді. | Балалар алдарындағы жатқан картон бетіне ермексазбен гүлдерді жасайды.<br><br>Балалармен бірге бал қосылған шай ішу. |

| **Күтілетін нәтиже:** | |
|---|---|
| **Біледі** | Гүлдің бөліктерінің атауларын біледі |
| **Игереді** | Саусақ қимылдары арқылы дөңгелек жасау т.с.с.мүсіндеу әдістерін игереді |
| **Меңгереді** | Дәстүрден тыс әдіс арқылы гүлді бейнелеу |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Бәйшешек**

**Күні:15.10.2019ж**

| | | |
|---|---|---|
| **мақсаты** | 1.Көктемгі табиғатқа қызығушылығын ояту,алғашқы көктем гүлдері туралы білім беру. Ермексазбен дәстүрден тыс әдістер арқылы мүсіндеуге үйрету. 2.жалпайту. ширату, саусақпен нықтап жапсыру, саусақ ұшымен тегістеу әдістерін пайдаланып композиция жасауға үйрету | |
| **Көрнекіліктер** | Көк түсті картон, ермексаз | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Көктем келе жетқанын білдіретін,алқаптарда қар еріп үлгірген жерлерден шешек атып шығатын алғашқы гүл шығады.<br>Ол қандай гүл?<br>Бәйшешек туралы тақпақ айтып беріңдерші.<br>– Балалар, бәйшешек ақ және көгілдір түсті, қар әлі толық еріп үлгірмей жатып, қар астынан аппақ болып шығып, гүлдейді. | -Бәйшешек .<br>Бәйшешектен білеміз<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек бүршік жарғанын |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | Далада қысқы суық жел уілдейді, ал үйде жылы болатын. Бұл үйде гүл тұратын. Гүл пиязшығында қар жамылған жердің астында тұратын еді.Бір күні жаңбыр жауды. Жаңбыр тамшылары қарды тесіп өтіп, гүл пиязшығын тарсылдытып,жер бетіндегі шуақты күндер туралы хабар берді. Артынша қар арасынан өзіне жол тауып күн сәулесі келіп, гүлдің пиязшығын жылытты.<br>-Бұл кім? Үйге кіріңіз, -деді гүл<br>Кіре алмаймын, есікті аша алмадым,-деді күн сәулесі.<br>Жазға дейін мені күт, мен жазда күшті боламын.<br>Ал жаз қашан келеді?,-деп сұрады гүл, және әр күн сәулесі есік қаққан сайын сұрағын қайталаумен болды.бірақ жазға дейін көп уақыт бар еді. Далада қар сіресіп тұр, күнде сулар мұз болып қататын еді.<br>-Менің ішім пысты, денем құрысып жатыр,Мен созылып, түзеліп еркіндікке шығуым керек. Күнге сәлем берейін,қайырлы таң тілеуім керек,-деп бұлқынды гүл.<br>Гүл денесін түзеп, бұлқынып, пиязшықтың қауызын жарып шықты. Оның бүршігі бұтақтарды жоғары қарай өсіріп,қарға келіп тірелді. Қар суық еді. Бірақ оны жарып шығу гүл үшін қиын болмады,себебі күн сәулелері көрініп тұрған еді.<br>Олар сылдырлай гүлді қарсы алды:<br>Қош келдің! Қош келдің!<br>Гүл күн сәулесіне қарай күш сала ұмтылды. Сәулелер гүлді аймалап сүйіп алды. Гүл қауызын жарып, күтелерін жайды.Жасыл жапырақтарымен үйлескен ол қар сияқты аппақ бастарын иіп күнге сәлем берді.<br>Қандай әдемі гүл!, -деп күн сәулелері әндетті.<br>Сен бірінші гүлсің. Сен алғашқы гүлсің. Сен жаз келе жатқанын хабарлап тұрсың.<br>Гүл өте қуанышты еді. Бірақ жаз келуіне көп | |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | уақыт бар еді.Әлі де суық жел тұрып, аспанды бұлт торлап, қар да жауатын кез еді.<br>-Сен ерте шықтың, біз әлі күшімізді көрсетеміз.Әлі де жылы үйіңде отырыуың керек еді,-деп бұлқынды ол.<br>Қайтадан суық күндер келді,күн сәулелері көрінбей кетті.Байғұс гүл үсіп қалатын суық күндер болды.Бірақ гүл аппақ болып басын иген күйі алда жылы күндер келе жатқанын хабарлап тұра берді.<br>Балалар далаға шыққанда алғашқы гүлді көріп қуанды<br>-Алғашқы көктем гүлі шықты,бәйшешектер гүлдеді, -деп қуана бір-біріне хабарлады.<br>Ал табиғат қарды жарып шыққан гүлдің шыдамдылығына, батырлығына таң қалды.<br>Міне, балалар,бәйшешектің қандай гүл екенін білдіңдер.<br>-Көктеммен бірге қандай мерекені тойлаймыз?<br>Аналарға арнап «Бәйшешек»композициясын жасайық | Аналар мерекесін |
| **Сергіту сәті** | «Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдаршеңберге.<br>Қандайжақсыбіртұру,<br>Достармененбіржүру!<br>Қандайжақсыдосболу!,). | Тақпаққа қарай қимылдар жасайды |
| **Рефлексивті — түзетушілік** | **2.Сарамандық жұмыс**Бәйшешек жасау<br><br>**1.Бұтақшалар.**<br>Жасыл түсті ермексаздан үш ширатпа жасаймыз. Ширатпаларды көк картонға жапсырамыз.<br>Бұтақтар ұзындықтары әр түрлі, тура бағытта, оң және сол жаққа қисайта жапсыруға болады.Бұтақшалады ертегідегі гүл күнге сәлем бергенін есімізге түсіре, бас жағын иеміз.<br>**2.Жапырақтар**.Бәйшешектің жапырақтары екі | Тәрбиешінің түсіндіруне қарай композиция жасайды |



Scanned by TapScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">түрлі,бұтақтардың төменгі жағында үлкен, ұзын,<br>Бұтақтың жоғары жағында кішкентай.<br>Үлкен жапырақтарды ермексаздан ұзын, жуан ширатпа жасап оны үшке бөлеміз. Әр бөлікті тақтайшаға салып екі жағынан кезектесе жалпайтамыз. Жапырақты бұтақтың төменгі жағына орналастырамыз.Осылайша кішкентай жапырақтарды жасап, бұтақтардың жоғары жағына орналастырамыз.<br>3 Гүл. Алдымен жасыл түсті ермексаздан шымшып үзіп алып, дөңгелек жасаймыз. Оны бұтақтың ұшына орналастырамыз.Бұл күлтелер мен бұтақтарды бір-бірімен байланыстырып тұрады.<br>Енді күлтелерді ақ түсті ермексаздан жуан шаратпа жасап, үшке бөлеміз. Әр ширатпаны саусақпан жалпайты, ұшын саусақпен қысып сүйір пішінге келтіреміз.Дайын күлтелерді дөңгелекке әкеліп жалғаймыз. Міне бәйшешек те дайын болды. Осылайша қалған гүлдерімізді жасаймыз.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Күтілетін нәтиже:</td></tr>
<tr><td>Білу</td><td colspan="3">Бәйшешек гүлі туралы білім алды</td></tr>
<tr><td>Өзіне үйренгені</td><td colspan="3">Жалпайту. Ширату арқылы гүл бейнесін жасауды</td></tr>
<tr><td>Үйрену</td><td colspan="3">Жұмысын толық аяқтау</td></tr>
</table>

Тексерілді М. Бе[signature]



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы «Алма ағашы»**

Күні 22.10.2019

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Тақырыпты зейін қойып түсініп , мазмұнын түсіне білуге үйрету, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге ынталарын арттыру. | |
| **Көрнекіліктер** | Үлестірмелі суреттер, плакат т.б | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | | Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды. |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | Алма ағашы<br><br><br><br><br> | |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | «Мен білемін».<br>Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын бекіту, байқығыштық пен зейінді дамыту.<br>Мазмұны: педагог допты қолдана отырып, келесі мәтінді айтады, бұл кезде допты еденге ырғақпен соғу.<br>– Мен ұлдардың бес атын білемін:<br>Арман – бір<br>Әділет – екі<br>Қуаныш – үш<br>Асхат – төрт<br>Нариман – бес<br>Әрі қарай келесі ойыншыға доп беріледі. Олкелесі бес заттыатайды. Бұлкез-келгензаттарболуымүмкін (ойыншықтар, гүлдер, ағаштар, аңдар). | Оқушылар ойын ойнайды |
| **Рефлексивті — түзетушілік** | Сарамандық жұмыс<br> | Тапсырмаларды әр бала өзалдынаерекш еорындады. |

| | |
|---|---|
| **Күтілетін нәтиже:** | |
| **Білу** | Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады. |
| **Өзінеүйр енгені** | Жаңа білімді түсінеді |
| **Үйрену** | Сұрақтарғатолықжауапберуге үйрену. |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Қанқыз.**

Күні 22.10.2019

| мақсаты | Балалардың қол қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылық пен жұмыс істеуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту. Жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу. | |
|---|---|---|
| **Көрнекіліктер** | табиғи материалдар, жаңғақ қабығы, ермексаз, тақтайша, сулы орамал. | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Шаттық шеңбері:<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз. | Балаларшаттықшеңберінжасайды. |
| **Ұйымдастыру іздестіру** | Балалар біз жәндіктер туралы, олардың тыныс тіршілігі туралы, түрлері туралы білу үшін тақтаға назар аударайық. Жәндіктерге, көбелектер, қоңыздар, шегірткелер, құмырсқалар, аралар, қанқыздар жатады. Қанқыздың бізге тигізетін зияны жоқ, оны қолға ұстасақ өрмелеп жүреді, қанаттарын жайып ұшады.<br><br>-Қанқыз қайда мекендейді?<br><br>-Қанқыздың дене мүшелерін ата?<br><br>-Балалар, біз бүгінгі сабағымызда қанқызбен таныстық.<br>-Енді өзіміз қызыға танысқан қанқызды мүсіндеп үйренейік.<br><br>-Қанқыздың түсі қандай еді?<br><br>-Ия түсі қызыл, аяғы, басы, мұртшасы қара, үстінде ұсақ-ұсақ қара нүктелері бар.<br>Қанқыз мүшесінің жасалу жолы:<br>1-жолы. Қызыл ермексазды жағу, сылау әдісі бойынша жаңғақ үстіне біркелкі етіп жағамыз.<br><br>2-жолы. Аяқтары мен мұртшасын жасау үшін ермексазды бірдей қалыпта шығыршықтаймыз.<br><br>3-жолы. Қара ермексаздан бірнеше ұсақ дөңгелектер жасаймыз.<br><br>4-жолы. Қызыл ермексаз тегістеліп жағылған жаңғақ үстіне ұсақ қара дөңгелектерді орналастырып, аяқтарын иіп, жаңғаққа қосып біріктіреміз. | Балалар жәндіктер және қанқыз туралы қызыға бақылап көреді.<br><br>-Шөпте.<br><br>-Қанаты, басы, аяғы, мұршалары.<br><br>-Қызыл.<br><br>Балалар тәрбиешінің айтқанына орай қимыл-қозғалыстар жасайды.<br><br>Балалар, бүгін біз сендермен қандай оқу іс-әрекетін өттік?<br>-Не мүсіндеп үйрендік? |
| **Сергіту сәті** | Сергіту сәті:<br>Ал балалар, тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Жел сияқты қалықтан,<br>Оңға, солға иіліп,<br>Денемізді бұрайық. | Балалар ойын ойнайды |



Scanned by TapScanner

<table>
<tr><td>Рефлексивті<br>—<br>түзетушілік</td><td>Сарамандық жұмыс<br></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Күтілетін нәтиже:</td></tr>
<tr><td>Біледі</td><td colspan="2">Жәндіктер туралы білімдірін толықтырады</td></tr>
<tr><td>Игереді</td><td colspan="2">Ермексазды тегістеп жағып жаңғақ қабықшаларын бояуды.</td></tr>
<tr><td>Меңгереді</td><td colspan="2">Табиғи материалдарды пайдалана мүсіндеу</td></tr>
</table>



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Олар биікке секіріп, алысқа дөңгелеп тыңдамай қоюлары мүмкін. Сол үшін сендер оларға топтың ішінде қалай ойнау керек екендігін үйретіңдер. | Балалар жауабы<br>Доппен ойнай отырып, олардың дөңгелек, жұмыр екендігін анықтайды |
| **Іздену барлау** | Енді доптарымыз біраз демалсын, кілемнің үстінде қалдырайық та үстелімізге келіп отырайықшы.<br>- Балалар доп қандай болады екен? (Добымызға қарап,<br>«Добым, добым дөңгелек, тоқтамайсың дөңгелеп» деп айтсақ болама?<br>Біздің тобымызда бұлардан басқа қандай доптар бар? Және ойнаған доптарымыз кішкентай болған. Ал мұналар қандай? (үлкен) Демек доптар үлкен, кішкентай пішінде бола береді екен.<br><br>Мен сендерге бүгін тұзды қамыр арқылы доп жасауды үйреткім келеді. Сендер әрқайсыңда өз қолыңнан жасалған доп болғанын қалайсыңдар ма?<br>Олай болса мұқият болайық. Бізге ол үшін қандай құралдар қажет екен?(өзім жасау жолдарын көрсетемін)<br>1. Доптың көлемі мен түсін анықтаймыз. Сол доптың түсіне сәйкес тұзды қамырда таңдаймыз.<br>2. Тұзды қамырды жұмсартамыз<br>3. Екі алақанымыздың ортасына тұзды қамырды салып дөңгелетеміз<br>4. балаларға ауада осы іс - әрекеттерді орындатамын<br>5. Өз беттерімен жұмыс істейді (көмегімді қажет еткен балаға көмектесемін) | дөңгелек, дөңгелегенді ұнатады<br><br>Доп туралы 2 шумақты қайталап айтады<br>Үстел үстіндегі заттарды атайды. (тұзды қамырды, тақтайша, сүлгі)<br>Мұқият тыңдайды |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Ауада қайталайды<br>өз еріктерімен допты мүсіндеді |
| **Рефлексивті – қорытындылау** | Сонымен барлығымыз тұзды қамыр арқылы не жасап алдық?<br><br>Допты жасаған сендерге оңай тиді ме? Ендеше кімнің добы әдемі болғандығын жәнеде ата - аналарымызға көрсету үшін көрмеге орналастырайық.<br>Үйге барған соң да осылайша тұзды қамыр арқылы доп жасап алуларыңа болады.<br>(доппен еркін ойнауға рұқсат беріледі)<br>Балалар жауабы | Доп жасадық<br><br>Ия. Доп жасаған оңай екен.<br><br>Көрмеге жұмыстарын орналастырып, ең әдемі допты таңдайды |

**Күтілетін нәтиже**

**Білуі немесе хабардар болуы:** Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

**Қалыптасқан әдет:** Түстерді ажырата біледі.

**Істей біледі:** Мүсіндей алады

Тексерілді әдіскер



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Тақырып: «Жүзік»

Күні 12.11.2019ж

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру.

**Дамытушылық:** Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту.

**Тәрбиелік:** Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі: Зергерлік бұйымдар, алқа, білезік, жүзік**

**Қажет құралдар:** тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сүлгі.

**Сөздік жұмыс:** Зергер, шебер.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

**Қостілділік компоненті:** Жүзік-кольцо.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс – әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Ш.ш:** 06-04-«Б» №18<br><br>Балалар, жылдың неше мезгілі бар?<br>Аптаның неше күні бар?<br><br>Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені мүсіндедік? Қане, бәріміз есімізге түсірейік. Нені мүсіндедік?<br>Ал енді бүгін біздер жүзікті мүсіндейік және оны бояумен бояйық. Сонда мүсіндеген жүзігімізді әжемізге сыйлаймыз. Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен,сендер нені көріп тұрсыңдар? Бұны кімдер тағады?<br><br>Бұл жерді не деп атаймыз?<br><br>Дүкендегі заттарды кімдер сатады?<br><br>Балалар, сендерге не ұнады? | Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі - көңіл ажары!<br>Күліп өмір сүрейік!<br><br>Жылда 4 мезгіл бар.<br><br>Аптада 7 күн бар.<br><br>Доптың бейнесін.<br><br>Алқа, білезік, сырға, сақина өте көп екен.<br><br>Әжелер, тәтелер, апалар, тағады<br><br>Зергерлік дүкені деп атаймыз.<br>Сатушы сатады. Ал,біздер сатып алушылармыз.<br><br>Жүзіктің ұнағанын айтады. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Іздену барлау** | Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алыңдар, әуелі қамырымызды жақсылап араластырып оны тұзға былғаймыз, сонда тұзға былғанған қамырымыз дайын болады. Енді одан жүзікті мүсіндейік, алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз. Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мүсіндедік. Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сүртеміз.<br><br>**Сергіту сәті:** | Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды.<br><br>Тәрбиешіге қарап жүзікті мүсіндеуге кіріседі.<br><br>Оңға-оңға түзеу тұр<br>Солға-солға түзеу тұр,<br>Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық<br>Орнымызды табайық. |
| **Рефлексивті – қорытындылау** | Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер?<br><br>Олар не жасайды?<br>Зергерлік бұйымдар сендерге ұнай ма?<br>Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау. | Жүзік жасадық.<br><br>Зергелік бұйымдар жасайды. |

**Күтілетін нәтиже**

**Білуі немесе хабардар болуы:** Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

**Қалыптасқан әдет:** Түстерді ажырата біледі.

**Істей біледі:** Мүсіндей алады



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы: Гүлге толы себет**
**19.11.2019ж**

| | | |
|---|---|---|
| **мақсаты** | Балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту, дәстүрден тыс әдістермен мүсіндеу техникасын үйретуді жалғастыру.<br>Балаларды шыдамдылыққа, бастаған ісін соңына дейін орындауға үйрету, балалардың жұмысты орындауға ынталарын арттыру. | |
| **Көрнекіліктер** | Ермексаз, желім, түсті қағаз, қатты қағаз | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | *Балалар, бүгін ібіз аналар мерекесіне арнап себеттерге гүлдер жасаймыз*<br><br>*Сендердің алдарыңда корзина салынған қатты қағаз жатыр.*<br>*Себеттің түсі қандай?*<br>*Сендер қандай гүл түрлерін білесіңдер?*<br>*Олардың түстері қандай?*<br>*Аналарың қандай гүлді жақсы көретінін білесіңдер ме*<br>*Ендеше, себет толы әр түрлі гүлдерді аналар мерекесінде сүйікті анларымызга тарту етейік.* | Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.<br><br>Қоңыр түсті |
| **Ұйымдастыру**<br><br>**іздестіру**<br>**Жаңа сабақ** | <br>  <br><br>*Осы қоңыр түске жарасатын гүлдерді жасаймыз*<br><br>*Ол үшін көк түсті ермексаздан үзіп алып, алақан арасына салып есіп,* жіңішке ширатпалар жасаймыз. *Ол 5-еу болуы керек. Есілген ермексаздың ұштарын бір біріне жапсып, күлте пішініне келтіреміз.*<br>*Міне гүліміздің күлтелері дайын болды.*<br>*Дайын болган күлтелерімізді гүл етіп жинаймыз,* | |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | *ортасына сары ермекмазбен дөңгелек етіп ортасын жасаймыз.*<br>*Міне енді гүліміз де дайын.*<br>*Дәл оылай қызыл сары түсті гүл жасап, гүдерімізді себет шетіне жапсырамыз.*<br><br>*Міне осылай әр түрлі ермексаздан түстері бір-біріне ұқсамайтын бірнеше гүлдер жасаймыз.*<br>*Енді бізде анамызға арналған букет пайда болды.*<br>*Жапырақтарды жасыл түсті ермексазды есіп жасап, себеттегі гүлді әсемдейміз* | |

| **Күтілетін нәтиже:** | |
|---|---|
| **Білу** | Мүсіндеу әдістерін меңгереді |
| **Өзінеүйренгені** | Өз бетінше бөліктерді құрастыра алады |
| **Үйрену** | Ойыншықтарды құрастырады |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Қуыршаққа арналған моншақтар»
Күні:26.11.2019 ж
**Мақсаты:**

1.**Білімділік:** Әшекей бұйымдары жайлы білім беру.

2.**Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету.

3.**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.
**Көрнекілік:** Моншақтардың суреттері.
**Сөздік жұмысы:** әшекей.
**Қостілділік компоненті:** моншақ –бусы.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушылық** | **Ш.ш** «Жақсы сөздер» 06-04-«Б».№5<br><br>Балаларды ұйымдастыру.<br><br>Есік тарсылы естіледі.<br>Тәрбиеші: Балалар бұл кім болды екен?<br>Балалардың назарын есікке аударады.<br>Топқа хат келеді.<br>Хатта, бүгін қонжықтың туған күні екені жазылады.<br>Тәрбиеші: Балалар біз қонжықтың туған күніне сыйлық апарсақ қайтеді?<br>Тәрбиеші: Қонжыққа арнап моншақ жасауларын ұсынады. | Балалар шеңбер бойымен тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Балалар дыбысты естіп, тыңдайды.<br><br>Балалар қандай сыйлық жасайтындарын айтады.<br><br>Балалар келіседі. |
| **Іздену- барлау** | Қауіпсіздік ережесімен таныстырады.<br>Тұзды қамырмен жұмыс жасағаннан кейін қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпауларын естеріне салады.<br><br>Тұзды қамыр таратылып беріледі.<br><br>**Қозғалмалы ойын: «Моншақ»** | Балалар тыңдайды.<br><br>Балалар тұзды қамырды екі алақанның ортасына салып, есу арқылы домалақтап моншақтарды жасайды.<br><br>Балалар ойынға қызыға қатысады. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті – қорытындылау** | Жасаған моншақтарын қонжыққа апарып береді.<br>Қонжық балаларға рахмет айтады. | Балаларды шеңберге тұрғызып өз ойларымен бөлісу. |

**Күтілетін нәтиже**

**Білуі не хабардар болуы:** Тұзды қамырдан моншақ жасауға үйренеді, оны түрлі-түсті бояулармен бояйды.

**Қалыптасқан әдет:** Тұзды қамырмен жұмыс жасай біледі.

**Істей біледі:** Екі алақанмен тұзды қамырды есе алады.

Тексерілді әдіскер [signature]



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Анама арналған гүл»
Күні 3.12.2019ж
**Мақсаты:**
**1. Білімділік:** Балаларға аналар мерекесі туралы жалпы мағлұмат беру. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы әңгімелеп беру.
**2. Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын дамыту.
**3. Тәрбиелік:** Өзінен үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Аяулы ана, адал ниет, шын жүрек.
**Көрнекіліктер:** Сюжетті суреттер. Бейнетаспа.
**Құрал-жабдық:** Ойыншық жүрекше, тұзды қамыр, бояу,сүлгі.
**Қостілділік компоненті:** Мереке – праздник.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация-лық қозғаушы** | **Ш.ш: 06.04** «Тату достар болайық» «Б»№31<br><br>**Ғажайып сәті: Сазды әуен естіледі.** Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін «Анаға сәлем» деген (Сөзі О.Иманалиевтікі, әні Е.Хасанғалиевтікі) тыңдаудан бастау. | Қане, қане, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Оң жақтағы көршіге,<br>Сол жақтағы көршіге<br>Күлімсірей қарайық.<br>Көкке қолды созайық,<br>Бір-бірімізден озайық,<br>Құшақтасып әр кезде<br>Тату достар болайық.<br><br>Балалар тыныштлып әнді тыңдайды. |
| **Іздену-ұйымдастыу-шылық** | -Бүгін біз іс-әрекетімізді аналарға арналған әнді тыңдаудан бастаймыз.<br>- Балалар, зер салып тыңдап отырыңдар.<br>- Сендер қандай ән тыңдадыңдар?<br>- Әннің авторы кім екен?<br>- Әннің сөзін кім жазды?<br>- Балалар, кім ана туралы өлең, тақпақ біледі?<br>- Өмірдегі ең жақсы қандай сөз деп ойлайсыңдар?<br>- Аналар меркесі қай күн?<br><br>-Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер?<br>- Аналардың еңбегін қалай бағалауға болады? | Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>«Анаға сәлем» әнін тыңдадық. Әннің авторы Е.Хасанғалиев атамыз. О.Иманғалиев жазды.<br>Балалар білетін тақпақтарын айтып береді.<br>Өмірдегі ең жақсы сөз – ана, мама! Ана-өмірдің гүлі.<br>Аналар мерекесі- 8-ші наурызда болады.<br>Үйді тазалаймыз, еден жуамыз, дастарханды әзірлеуге көмектесеміз.<br>Менің анам-жақсы адым.Ондай адам менде ғана бар.<br>Аналарымызды жақсы көруіміз керек, оны ренжітуге болмайды. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Сюжетті суретті көрсетіп, аналар мерекесі туралы әңгімелеп беру.<br><br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1** | Балалар, зейін қойып тыңдайды.<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз. |
| **Рефлексивті-түзеуші** | Балаларға аналарының мерекесіне арнап сыйлық жасауды ұсыну.<br>Тұзды қамырмен, бояуды таратып береді.<br>Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы әңгімелестік?<br>Жақсы, аналарыңды құрметтеп, сыйлап жүріңдер. | Балалар ұсынысты қуана қарсы алады.<br>Қылқаламмен, тұзды қамырды алып мерекелік сыйлық жасауға кіріседі.<br>Аналар мерекесі туралы. |

**Күтілетін нәтиже**
**Білуі немесе хабардар болуы:** Балалар аналар мерекесі туралы мағлұмат алады. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы хабардар болады.
**Қалыптасқан әдет:** Өз беттерінше ойларын қорытындылай алу.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»

Күні:10.12.2019

**Мақсаты:**

1. **Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Көкөністер жайлы білімдерін кеңейту.
2. **Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Саңырауқұлақтың суреті, муляжы.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс**: Көкөніс, дәрумен, салат.

**Қос тілділік компоненті :** саңырауқұлақ-грибы

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш** «Жақсы сөздер» 06-04-«Б»№5<br>-Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br><br>Көктем екенін қайдан білдіңдер?<br><br>Балалар, бізге біреу келе жатқан сияқты. Кім екен? | Қазір жылдың көктем мезгілі.<br><br>Далада ауа-райы салқын.<br>Талға жапырақтар шыға бастады.<br><br>Балалар қызығушылық танытады. |
| **Іздену - барлау** | **Қызықтыру сәті:**<br>-Балалар бізге қонаққа кірпі келіпті, арқасында саңырауқұлағы бар екен.<br>-Кірпі сен бұларды қайдан алдың?<br>**Кірпі:** Мен орманда келе жатсам, талдың түбінде бір саңырауқұлақ өсіп тұр екен. Соны үзіп алдым.<br>**Кірпі:** Жылап, мені үйде балаларым тосып отыр,мен оларға көп саңырауқұлақтар алып келемін деп едім, орманда бір ғана саңырауқұлақ қалыпты, қалғандарын басқа кірпілер жинап әкетіпті. Енді не істесем болады?<br>Тәрбиеші: балаларды тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырады, оларды үзуге, есуге болатыны жайлы айтады.<br>Қауіпсіздік ережесін естеріне салады.<br>Жұмыс соңында қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады.<br>Балаларға тұзды қамыр таратылып беріледі.<br><br>**Сергіту сәті:** | Балалар кірпіні көріп қуанады.<br><br>Кірпіден саңырауқұлақты қайдан алғанын сұрайды?<br><br>Балалар кірпіге көмектесетіндерін айтады.<br>Біз саған тұзды қамырдан көп саңырауқұлақтар жасап береміз, сен жылама.<br><br>Тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды.<br>Тұзды қамырдың қасиеттерімен танысады.<br><br>Тұзды қамырдан үлгіге қарап саңырауқұлақтарды мүсіндеуге кіріседі.<br><br>Кірпі, кірпі, кірпі<br>Үстің толған ине |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Бірін берсең шіркін.<br>Тігер едім түйме. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | **Кірпі:** Балаларға ризашылығын білдіреді.<br>Рахмет, сендерге балалар, сендер өте мейірімді екенсіңдер. Енді мен саңырауқұлақтарымды алып өзімнің балаларыма барайын. Сау болыңдар. | Балалар жасаған игі істеріне қуанады. |

**Күтілетін нәтиже :** **Білуі немесе хабардар болуы:** Көктем мезгілі жайлы білімдерін кеңейтеді. дұрыс жұмыс жасай білуге үйренеді.

**Қалыптасқан әдет:** Тәрбиеші сұрағына жауап береді. Жемістердің аттарын айтады.

**Істей біледі:** Тұзды қамырмен жұмыс жасай алады.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Шыршаға арналған ойыншықтар»
Күні 31.12.2019
**Мақсаты:**
1. **Білімділік:** Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін аңғара білуге үйрету.
2. **Дамытушылық:** Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін ажырата білуге үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Қыс мезгілінің суреттері. Шырша. Аққала.
**Құрал-жабдықтар:** тұзды қамыр, сүлгі. тақтайша.
**Сөздік жұмыс:** суық, қарлы, ызғар.
**Қостілділік компоненті :** Қыс-зима.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық–қозғаушы** | **Ш.ш**«Арайлап таң атты!» 06-04-«Б».№17<br>**Қызықтыру сәті:**<br>Қонаққа Ақпан келеді.<br>Ақпанның балаларға арналған тапсырмалары бар. | Балалар шаттық шеңберін айтады.<br><br>Балалар қызығушылық танытады. |
| **Іздену - барлау** | -Тәрбиеші: Балаларды жартылай шеңбер бойымен отырғызып қыс мезгілі туралы әңгімелеседі.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Неге олай ойлайсыңдар?<br><br>- Қыста қандай мереке болады?<br><br>- Мерекеде бізге кім келеді?<br><br>Шыршаны немен безендіреді?<br>Қыстың балалар үш айы бар екен.<br>Олар желтоқсан, қаңтар және ақпан.<br>Сюжетті суретке қарап әңгіме құрастырту.<br>Ақпан келеді.<br>Тәрбиеші: Сен кімсің?<br><br>Балалар Аяз ата Ақпаннан бізге хат беріп жіберіпті.<br>Бұл хатта былай деп жазылыпты.<br>Балалар сендер сыйлық алғанды жақсы көресіңдер ме?<br>Олай болса менің тапсырмаларымды орындаңдар.<br>Орындайық па балалар.<br>1. Тапсырма: Жұмбақ жасырыпты.<br><br>Тікен-тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте - ол не балалар?<br>2. Екінші тапсырмам осы шыршаға арнап әдемі ойыншықтар жасаңдар депті. | Қазір жылдың қыс мезгілі екенін айтады.<br>Өйткені дала суық, қар жатыр т.б<br>Қыста жаңа жыл мерекесі болады.<br>Мерекеге Аяз ата мен ақшақар келеді.<br>Шыршаны ойыншықтармен безендіреді.<br><br>Менің атым-Ақпан<br>Келдім суық жақтан.<br>Тоңып қалмай балалар.<br>Аязымнан сақтан!<br><br>Қуана «иә» деп жауап береді. Біз сыйлық алғанды жақсы көреміз.<br><br>Иә, тапсырмаларды орындайық. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | «Шырша»<br>Балалар тұзды қамырдан ойыншық жасауға кіріседі. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | Ойын: «Иә немесе жоқ»<br><br>Сұрақтар:<br><br>1. Қарды жеуге бола ма?<br>2. Қыста жылы киіну керек пе?<br>3. Мұзды жеуге бола ма?<br>4. Қыста жаңбыр жауа ма?<br>5. Қыста қар жауа ма?<br>6. Шанамен сырғанап ойнауға бола ма?<br>Шыршаның шамы жаңып шыршаның ойыншықтары тәттіге айналады. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына ия, жоқ деп жауап береді.<br><br>Жоқ<br>Иә<br><br>Жоқ<br>Жоқ<br>Иә.<br>Иә.<br><br>Балалар мәз болып тәттіні алады. Өз ойларымен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Білуі немесе хабардар болуы**: Қыс мезгілі жайлы, қыста болатын өзгерістер жайлы біледі. Қыста қандай ойындар ойнауға болатыны жайлы, қардың қасиетімен танысады.

**Қалыптасқан әдет:** Ойындарға белсене қатысады. Өз ойларын жеткізе алады.

**Істей біледі:** Тақпақтарды айтады. Ойындарға қатысады.



Scanned by TapScanner

## Тақырыбы: Кірпілер

Күні 24.12.2019ж

| | | |
|---|---|---|
| **мақсаты** | Балаларға кірпі туралы мағлұмат беру; ермексаз бен макаронды пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту;ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру. Тілдерін дамыту . Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысые жетілдіру. | |
| **Көрнекіліктер** | кірпінің суреттері, ермексаз, тақтайша, макарондар, сулық , үлестірмелі материал. | |
| **Іс-әрекет кезендері** | **Тәрбиеші әрекеті** | **Балалардың іс — әрекеті** |
| **Психологиялық ахуалды қалыптастыру** | Ғажайып сәт<br>Балаларға орманнан ақылды ақ қоян келгендігін , ол өзінің досы туралы балаларға жұмбақ жасырғысы келіп тұрғанын айтады:<br>Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,<br>Доп-домалақ, арқасы сың тікенді.<br>Ашуланса аяғын көрсетпейді,<br>Көресің көз салсаң бір ғажайыпты.<br><br>Балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып,кірпі туралы мағлұмат береді.<br>Кірпі - жабайы, ол орманда өмір сүреді.<br>Қыс бойы жерге түскен қалың жапырақ астында ұйықтап жатады. Кірпінің денесі тікенекті болады, төрт аяғы, екі көзі мен құлағы бар.Жауын көрсе , аяқ қолын жинап домалана қалады. Кірпі денесінің сипатына талдау жасалынады. | Балалар қоянмен сәлемдеседі<br>Балалар де өздерінің достары жайлы әңгімелейді<br>Балалар жұмбақтың шешуін табады<br>Жауабы: кірпі<br><br>Балалар кірпі суреттерін тамашалап, ол туралы өздерінің білгендерін баяндап береді.<br>-Кірпінің денесі сопақша болады. Денесінен кішкентай тұмсығы шығып тұрады. Аяқтары кішкентай . Қалың тікенінен аяқтары көрінбейді |
| **Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ** | Сарамандық жұмыс<br><br>-Балалар , кірпіні мүсіндесек қайтеді?<br>Кірпіні мүсіндеу үшін ермексаздың қандай түсін аламыз?<br>- алдымен ермексазды алып, оны домалақтаймыз. Домалақ бөлшекті сопақша пішінге келтіреміз. Созу арқылы тұмсығын шығарамыз. Кішкентай дөңгелектер жасап, тұмсығының үстіне, көзінің орнына жапсырамыз. | Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Тікенектерін ұсақ макароннан жасаймыз. Тікенектер ермексазға оңай қадалады | |
| | **Сергіту сәті**<br>Ал, балалар , тұрайық<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Оңға қарай иіліп<br>Солға қарай иіліп<br>Жоғары –төмен қарайық<br>Орнымызды табайық | Балалар тақпаққа қарай қимылдар жасайды |
| **Рефлексивті — түзетушілік** | -Балалар , кірпі бұл жолмен қайда бара жатыр деп ойлайсыңдар?<br>-Ормандағы кірпі туралы өздерің шағын әңгіме құрастырып көріңдер<br><br>Қоян балаларға ризашылығын білдіреді.<br>Балалармен қоштасады | Кірпі орманға бара жатыр.<br>Балалар өздері құрастырған әңгімелерін айтады.<br><br>Қуаныштарын білдіреді<br>Қоянмен қоштасады |

| | |
|---|---|
| **Күтілетін нәтиже:** | |
| **Біледі** | ермексаздыалақанарасынасалыпдомалақтайды, сопақшапішінгекелтіреді, созыптұмсығыншығаруарқылыкірпінімүсіндейді; |
| **Игереді** | қауыпсыз жұмыс істеуді: кірпінің тіршілігі туралы мәліметті |
| **Меңгереді** | домалақ және сопақ пішіндер жасауды |



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Мен, менің достарым жануарларым»
Күні 14.01.2020

**Мақсаты:**

**1. Білімділік:** Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы әңгімелеу.

**2. Дамытушылық:** Туған өлкенің жануарларын қорғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту.

**3. Тәрбиелік:** Жануарларды қамқорлыққа алу сезімдерін тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Жануарлардың суреттері, муляждары.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** Мейірімділік.

**Қостілділік компоненті:** Жануарлар –животные.

| **Әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы** | **06-04-«Б». №22** «Әдепті сөздер»<br><br>**Ғажайып сәті:**<br>Тәрбиеші: - балаларға, сиқырлы дорбаны көрсетеді.<br>Дорбада жануарлардың муляждары жатыр екен.<br>Балалар, бұл не заттар? | Балалар жартылай шеңберге тұрады.<br>- Сен әдептісің.<br>- Сен мейірімдісің.<br>- Сен қамқорсың.<br>- Сен аққөңілсің.<br>- Сен шыншылсың.<br><br>Балалар назарларын дорбаға аударады.<br><br>Балалар оның жануарлар екенін айтады. |
| **Іздену-барлау** | Оқу іс –әрекетін жабайы аңдар туралы суреттерді көрсетуден бастау.<br>- Балалар, сендер қандай жабайы аңдарды білесіңдер?<br>- Мынау қандай аңның суреті? Аю туралы кім тақпақ біледі.<br><br>- Неге біз оларды жабайы жануарлар деп атаймыз?<br><br>Тәрбиеші, балаларға жабайы аңдар туралы қысқаша әңгімелеп береді.<br>Ақ аю мен қоңыр аюды көрсетеді.<br>- Ақ аю немен қоректенеді екен?<br>- Қоңыр аю немен қоректенеді?<br>- Қыс мезгілі келгенде аюлар не істейді?<br>Біз жануарлар жайлы көп мәліметтер алдық. Енді әркім өзіне ұнайтын жануардың мүсінін жасасын.<br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №4** | Аю, қасқыр, түлкі, арыстан.<br><br>Бұл, аюдың суреті.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық. Аузымызға салайық.<br>Себебі олар елсіз далада өз беттерімен өмір сүреді. Өз азықтарын өздері тауып жейді.<br>Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Ақ аю суға сүңгіп, балықтарды ұстап жейді.<br>Қоңыр аю жеміс-жидектерді теріп жейді.<br>Қыста аюлар ұйқыға кетеді.<br>- Балалар мүсінді жасауға |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | кіріседі.<br><br>Ән салуға барамыз,<br>Досымызды табамыз.<br>Сәлемет пе! Міне, мен!<br>Доспын енді сенімен. |
| **Рефлексивті-қозғаушы** | Жануарлар туралы мақал-мәтелдер айтып береді.<br>Белсене қатысқан балаларды мақтау. | Балалар мақалдарды тыңдап, жаттайды. |

**Күтілетін нәтижесі:**
**Білуі немесе хабардар болуы:** Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы хабардар болады. Туған өлкенің жануарларын қорғауға үйренеді.
**Қалыптасқан әдет:** Тыңдай біледі, әңгімелейді.
**Істей білуі:** Ойынға қатысады, тыңдайды, әңгімелейді.

Тексерілді әдіскер [signature]



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Аққала»

**Мақсаты :**

1. **Білімділік:** Үлгіге сүйене отырып, дайын пішіндерден бейнелерді мүсіндей білуге үйрету.
2. **Дамытушылық:** Мүсіндеу техникасы дағдылары мен біліктерін дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Аққаланың суреті.

**Сөздік жұмыс:** Қыс қызығы, қысқы ойындар.

**Қостілділік компоненті:** Аққала-снеговик.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш:** 06-04-«Б» №18<br><br>**Қызықтыру сәті:**<br>Есік тарсылы естіледі.<br>Топқа қуыршақ Айгерім келеді.<br>Айгерімнің қолында суреттері, бар. | Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі - көңіл ажары!<br>Күліп өмір сүрейік!<br><br>Балалар, бұл суреттер не үшін керек екен деп, қызығушылық танытады. Балалар таңырқай қарайды. |
| **Іздену - барлау** | Қуыршақ: Балалар әр мезгілдің өз қызықтары бар.<br>Қыс мезгілінің қандай қызықтарын білесіңдер?<br><br>Мен сендерге бір жұмбақ жасырайын:<br>Оны қардан жасаймыз,<br>мұрны оның сәбіз,<br>қолында сыпырғыш,<br>басына шелек кигіземіз.<br>Біледі оны барлық бала<br>Кім екен ол? (Аққала)<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, ол аққала екен.<br>Олай болса барлығымыз бірігіп аққаланың мүсінін жасайық.<br>Тәрбиеші: Балаларға қалай жұмыс жасау керектігін айтады. Қауіпсіздік ережесін естеріне салады.<br>Жұмыс соңында қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады.<br><br>**Сергіту сәті:** 06-04-«Ә» №3 | Қыс мезгілінде Жаңа жыл мерекесі болады.<br>Қыс мезгілінде қар атысып ойнауға, шаңғы тебуге, шанамен сырғанауға болады.<br><br>Тәрбиешінің айтқандарын тыңдап отырады.<br><br>Балалар жұмбақтың жауабы Аққала деп айтады.<br><br>Балалар үлгіге қарап аққаланың мүсінін жасайды.<br><br>Санайық жаңаша,<br>Бір,екі,үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Бір,ек, үш!<br>Достықта-біздің күш. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Бір,екі,үш! |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | Қуыршақ балаларды далаға серуенге шақырады. Далада қардан аққала жасайық деп ұсыныс айтады. | Балалар өз жұмыстарын қуыршаққа береді.<br>Істеген жақсы істеріне қуанады.<br>Серуенге шығып аққала жасайды. |

**Күтілетін нәтиже :**
**Білуі немесе хабардар болуы:**
Үлгіге қарап, пішіндерден заттарды құрастыра білуге үйренеді.
**Қалыптасқан әдет:** Тәрбиешінің айтқанын тыңдайдытапсырмасын орындайды.
**Істей біледі:** Үлгіге қарап құрастырады, бейнелейді.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Ұшақ»

Күні28.01.2020

**Мақсаты:**

**1. Білімділік:** Көліктер жайлы білімдерін кеңейту.

**2. Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Көліктердің суреті.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** Мүсін, қиял, ойлау.

**Қос тілділік компоненті:** Көлік-транспорт. Ұшақ-самолет

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш 06-04 «Б»№43** | Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Сіздерге сәлем береміз,<br>Біз әдепті баламыз.<br>Әдептен біз озбаймыз,<br>Жадымызда ұстаймыз.<br>Жол тәртібін үйреніп,<br>Аман-есен жүреміз. |
| **Іздену - барлау** | «Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату.<br>Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріңдер.<br><br>II. Мағынаны тану:<br>1.Тәрбиеші: Балалар Ас атасы не?<br>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіңдер. Қане, есімізге түсірейікші.<br><br>Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай дайындайтынын көрсетемін. | Біз тікұшақты таңдадық.<br>Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз…. Ол әуе жолдарымен ұшады.<br><br>Балалардың жауабы: Ас атасы-нан.<br><br>Балалардың жауабы: Көктемде егінші жер жыртып, дән себеді. Оны жаздай баптап күтеді.Күзде комбайынмен орады.т.с.с әңгімелейді.<br><br>Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдап отырады. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер,тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз,одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып,нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан ұшақ кесіп дайындау.<br>Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр.тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр илеп,дайындап қойдым. Біз бүгін осы алдымыздағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5см етіп жаямыз да,оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз Ал, енді жұмысқа кірісейік.<br><br>2.**Сергіту сәті: «Көліктер-2»** мультфильмін тамашалау. | Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | «Ой толғаныс»<br><br>Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдап, сабаққа жақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | Балалар:<br>Жалғайтын достастырып бар елменен<br>Жолдардан тұрады ғой әлем деген.<br>Айтамыз бізге келген қонақтарға<br>Сақтаңыздар жол жүру ережесін. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Білуі немесе хабардар болуы:** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.
**Қалыптасқан әдет:** Өз ойларын іске асыра алады.
**Істей біледі:** Мүсіндей алады.

Тексерілді әдіскер



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Үйрек»

Күні 4.02.2020 ж

**Мақсаты:**

**1. Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Үйректі мүсіндей алуға үйрету.

**2. Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.

**3. Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Үйректің суреті, мүсіні.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** Мүсін, үй құсы.

**Қос тілділік компоненті :** Мүсіндеу – лепить, үйрек – утка.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш** «Біз бақытты балдырған» 06-04-«Б».№21<br><br>**Ғажайып сәті:** Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді.<br>Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма? | Қане, қане тұрамыз.<br>Үлкен шеңбер құрамыз.<br>Біз бақытты балдырған<br>Біз көңілді балдырған<br>Ойыншықпен ойнаймыз.<br>Тату-тәтті боламыз.<br><br>Балалар қызығушылық танытады.<br><br>Балалар, оның тұзды қамыр екенін айтады.<br>Тұзды қамырды жеуге болмайды. |
| **Іздену - барлау** | Тұзды қамырмен не істеуге болады?<br><br>Сендер маған мүсін жасауды үйретесіңдер ме?<br><br>Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек.<br>Тұзды қамырды таратып береді. Үйректі көрсетіп, мүсіндеулерін сұрайды.<br>Балалар сендер не жасайсыңдар?<br><br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1** | Тұзды қамырмен мүсіндер жасауға болады.<br>Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мүсін жасауды үйретеміз.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Мен, Еркежанға үйрек жасауды үйретемін. Мен, Еркежанға мүсіндеуге көмектесемін.<br>Балалар ермексаздан үйректі жасауға кіріседі.<br><br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды.<br><br>Рахмет сендерге балалар, енді мен ермексаздың не үшін керек екенін білетін боламын.<br>Сау болыңдар - деп кетеді. | Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға беріп, мен, үйрек жасадым. |

**Күтілетін нәтиже :** **Білуі немесе хабардар болуы:** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

**Қалыптасқан әдет:** Өз ойларын іске асыра алады.

**Істей біледі:** Мүсіндей алады.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Торғай» 11.02.2020

**Мақсаты:**

**1. Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, үзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету.

**2. Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.

**3. Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Торғайдың суреті.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша. **Сөздік жұмыс:** Мүсін, қиял, ойлау.

**Қос тілділік компоненті :** Мүсіндеу – лепить. Торғай-птица.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш 06-04 «Б»№28**<br><br>**Ғажайып сәті:** Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді.<br>Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма? | Достарды біз қолдаймыз<br>Қиын шақта қолдаймыз,<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз!<br><br>Балалар қызығушылық танытады.<br><br>Балалар, оның ермексаз екенін айтады.<br>Тұзды қамырды жеуге болмайды. |
| **Іздену - барлау** | Тұзды қамырмен не істеуге болады?<br><br>Сендер маған мүсін жасауды үйретесіңдер ме?<br><br>Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек.<br>Ермексазды таратып береді.<br><br>- Балалар, осы тұзды қамырмен біз бүгін торғайды жасап үйренеміз.<br>- Сендер торғай туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br><br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1** | Тұзды қамырмен мүсіндер жасауға болады.<br>Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мүсін жасауды үйретеміз.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Торғай, торғай тоқылдақ. Жерден бидай шоқып алып, Бөтекесі бүлкілдеп,<br>Отыр талда шықылдап.<br><br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды. | Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға беріп, мен, торғай |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Рахмет сендерге балалар, енді мен тұзды қамырдың не үшін керек екенін білетін боламын.<br>Сау болыңдар - деп кетеді. | жасадым - деп өз жасаған мүсіндерінің аттарын айтады. |

**Күтілетін нәтиже :**
**Білуі немесе хабардар болуы:** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.
**Қалыптасқан әдет:** Өз ойларын іске асыра алады.
**Істей біледі:** Мүсіндей алады.

Тексерілді
Әдіскер



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Машина»

Күні 18.02.2020

**Мақсаты:**

**1. Білімділік:** Көліктер жайлы білімдерін кеңейту.

**2. Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Көліктердің суреті.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** Мүсін, қиял, ойлау.

**Қос тілділік компоненті:** Көлік-транспорт.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш 06-04 «Б»№43** | Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Сіздерге сәлем береміз,<br>Біз әдепті баламыз.<br>Әдептен біз озбаймыз,<br>Жадымызда ұстаймыз.<br>Жол тәртібін уйреніп,<br>Аман-есен журеміз. |
| **Іздену - барлау** | «Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату.<br>Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріңдер.<br><br>II. Мағынаны тану:<br>1.Тәрбиеші: Балалар Ас атасы не?<br>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіңдер. Қане, есімізге түсірейікші.<br><br>Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай дайындайтынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді | Біз тікұшақты таңдадық.<br>Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз…. Ол әуе жолдарымен ұшады.<br><br>Балалардың жауабы: Ас атасы-нан.<br><br>Балалардың жауабы: Көктемде егінші жер жыртып, дән себеді. Оны жаздай баптап күтеді.Күзде комбайынмен орады.т.с.с әңгімелейді.<br><br>Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдап отырады. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | болуы үшін оған кішкене шекер,тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр илейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз,одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып,нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан машина кесіп дайындау.<br>Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр.тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр илеп,дайындап қойдым. Біз бүгін осы алдымыздағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5см етіп жаямыз да,оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз Ал, енді жұмысқа кірісейік.<br>2.**Сергіту сәті: «Көліктер-2»** мультфильмін тамашалау. | Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | «Ой толғаныс»<br>Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдап, сабаққа жақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | Балалар:<br>Жалғайтын достастырып бар елменен<br>Жолдардан тұрады ғой әлем деген.<br>Айтамыз бізге келген қонақтарға<br>Сақтаңыздар жол жүру ережесін. |

**Күтілетін нәтиже :** **Білуі немесе хабардар болуы:** Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.
**Қалыптасқан әдет:** Өз ойларын іске асыра алады.
**Істей біледі:** Мүсіндей алады.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Түймедақ»
Күні 10.03.2020
**Мақсаты:**
**1. Білімділік:** Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояу.
**2. Дамытушылық:** Қылқаламмен бояуды пайдалана білуге үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту.
**3. Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, соңына дейін орындай біліге тәрбиелеу.
**Көрнекілік:**Гүлдердің суреті.
**Құрал –жабдықтар:** Қылқалам, бояу, сүлгі, тұзды қамыр.
**Сөздік жұмысы:** түрлі-түсті.
**Қостілділік компоненті:** гүлдер-цветы. Түймедақ-ромашка

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс – әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Ш.ш «Мен қандаймын!» 06-04-«Б». №29**<br><br>**Ғажайып сәті:**<br>Топқа көктем мезгілі келеді. Қолында гүлдері бар.<br>- Балалар, мен сендерге гүлдер әкелдім. Бұл гүлдердің қалай аталатынын сендерге айтып берейін.<br>- Гүлдердің аттарымен таныстырады.<br>- Мына гүл қалай аталады екен?<br>- Осы түймедақтың мүсінін жасайық. | Жақсылық көрсең біреуден «Мен қандаймын» - деп ойла. Жамандық көрсең біреуден, «Мен қандаймын?»- деп ойла<br><br>Балалар қызығушылық танытады.<br><br>Көктем мезгілін мұқият тыңдайды.<br><br>- Түймедақ - деп аталады.<br><br>- Балалар келіседі. |
| **Іздену барлау** | Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді.<br><br>Түймедақтың мүсіндеу жолдарын көрсетеді.<br><br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №23** | Қылқаламды ауызға салуға болмайды.<br>Бір-біріне қарап сілтемеу керек.<br>Жұмыс соңында қолымызды сүлгімен сүртеміз.<br>Балалар гүлдерді бояуға кіріседі.<br>Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз қолыңды.<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойнына. |
| **Рефлексивті – корытындылау** | -Балалар, біз қандай гүлдермен таныстық?<br>- Түймедақтың түсі қандай екен?<br>-Сендер қандай түсті пайдаландыңдар? | -Түймедақ, қазтаңдай т.б.<br>- Ақ екен.<br>Қызыл, сары, көк, жасыл т.б.<br>- Балалар, Көктем мезгілінің әкелгенін айтады.<br>Балалар өз суреттерін бір-біріне |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | - Бұл гүлдерді бізге кім әкелді? Балаларды мақтау. Келесі жолы бұдан да әдемірек салуларын айту. | көрсетеді. |

**Күтілетін нәтиже Білуі немесе хабардар болуы:** Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояуға үйрену.

**Қалыптасқан әдет:** Зейін қойып тыңдай біледі.

**Істей біледі:** Сұрақтарға жауап береді.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Гүлді алма ағашы» 24.03.2020ж
**Мақсаты:**
1. **Білімділік:** Көктем мезгілі жайлы білім беру. Көктемде қар еріп, алма ағаштары гүлдейтінін айту.
2. **Дамытушылық:** Тұзды қамырмен бояуды пайдалана білулерін ары қарай дамыту. Саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, орындай біліге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Гүлді алма ағашының суреті.
**Құрал –жабдықтар:** Қылқалам, бояу, сүлгі, тұзды қамыр.
**Сөздік жұмысы:** Бақылау, жер жаңарып, гүлдер өседі.
**Қостілділік компоненті:** Ағаш-дерево.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Ш.ш** «Біз бақытты балдырған» 06-04-«Б».№21<br><br>**Ғажайып сәті:** Балаларды киіндіріп ойын алаңына шығару. Ойын алаңында көктем мезгілінің ауа-райына, ағаштарға бақылау жасату. | Қане, қане тұрамыз.<br>Үлкен шеңбер құрамыз.<br>Біз бақытты балдырған<br>Біз көңілді балдырған<br>Ойыншықпен ойнаймыз.<br>Тату-тәтті боламыз.<br>Балалар далаға шыққандарына қуанады.<br>Қоянды көріп қызығушылық танытады. |
| **Іздену - барлау** | - Тәрбиеші: Балалар қарандаршы далада, ауа-райы қандай екен?<br>- Дұрыс айтасыңдар.<br>- Біз бүгін гүлді алма ағашының мүсінін жасаймыз.<br>Қылқаламмен қалай қолдану керектігі жайлы айтады. Қауіпсіздік ережесі жайлы айтып кетеді.<br>**Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1** | - Күн жылынып, ағаштар бүршік атыпты.<br>Балалар тыңдайды.<br>Қылқаламды бір-біріне сілтемеулері жайлы айтады.<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз. |
| **Рефлексивті - қорытындылау** | Балалардың жасаған мүсіндерін бір-біріне көрсетіп, мақтау.<br>Келесі жолы бұдан да әдемі жасауларын айту. | Балалар өз мүсіндерін бір-біріне көрсетіп мақтанады.<br>Кешке ата-аналарына көрсететіндерін айтады.<br>Балалар қоянмен ойнап, қуанады. |

**Күтілетін нәтиже :**
**Білуі немесе хабардар болуы:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады. Гүлді алма ағашының мүсінін жасауға үйренеді.
**Қалыптасқан әдет:** Тұзды қамырмен мүсіндей алады.
**Істей біледі:** Қылқаламмен бояй біледі. ұстай біледі. Тапсырманы тыңдап, орындайды.



Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** «Адам бейнесі»

Күні 17.03.2020

**Мақсаты:**

1. **Білімділік:** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.
2. **Дамытушылық:** Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру.Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету, саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Адамгершілікке , өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Үнтаспа, ойыншық жүрекше, суреттер.

**Құрал-жабдықтар:** Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

**Сөздік жұмыс:** адамгершілік, мейірімділік, ізгі сөздер.

**Қос тілділік компоненті:** Туыстар-родня.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушы** | **Шаттық шеңбері:** 06-04-«Б».№4<br><br>Сәлеметсіндер ме, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын! Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуын сезінейік. Енді бір-бірімізге жақсы сөздер айтайық. | Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік,<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>Кел,балалар, күлейік<br>Күлкіменен түлейік,<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді болып жүрейік!<br><br>Сен әдептісің.<br>Сен мейірімдісің.<br>Сен қамқорсың.<br>Сен аққөңілсің.<br>Сен шыншылсың. |
| **Іздену - барлау** | Әңгіме құрастыру: «Өзіммен-өзім»<br>Туыс деп кімді айтамыз?<br>**Бес саусақ:**<br><br>**Ойы «Дүкен»**<br>Балалар сендерді дүкенге шақырамын. Бұл жай дүкен емес,сиқырлы дүкен.Әр қайсылырың, осы дүкенннен өз жақындарыңмен туыстарыңа бір нәрсе сатып алып,она не үшін алғандарың жайлы айтып бересіңдер.<br><br>**Ғажайып сөздер:**<br><br>Енді балалар біз тұзды қамырдан адам бейнесін жасауды үйренейік.<br><br>**Сергіту сәті:** | Бас бармағым-атам,<br>үйдің данасы.<br>Балаң үйрек-әжем ошақ анасы,<br>Ортаң терек-әкем, отау панасы.<br>Шылдыр шүмек-шешем,шаңырақ ажары.<br>Титтай бөбек-мен, бәрінің базары.<br><br>Мысалы: Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса екен деймін<br><br>Туыстарыммызды сыйлаймыз,<br>Туыстарымызбен татумыз.<br>Балалар тұзды қамырды алып адам бейнесін жасауға кіріседі.<br><br>Бас, иық, тізе, саусақ. |



Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Бас,иық,тізе,саусақ.<br>Саусақ,саусақ,саусақ.(саусақ пен тарсылдату)<br><br>Бас, иық, тізе, саусақ.<br>Бас, иық, тізе, саусақ.<br>Көз, мұрын, көз, мұрын,<br>Құлақ, ерін, құлақ,ерін.<br>(жылдамдатып тез-тез қайталату) |
| **Рефлексивті қорытындылау** | Қорытындылау:<br>Туыстар бір түбірден өскен алып ағаштың бұтақтары тәрізді екен. Барлығымыздың да туған туыстарымыз бар. Бүгін туыстармен қалай қатынас жасау керектігін үйрендік. | Мен туыстарыма денсаулық тілеймін,<br>Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін.<br>Мен туыстарыма ашық аспан тілеймін! |

**Күтілетін нәтижесі:**
**Білуі немесе хабардар болуы:** «Туыстары» жайлы түсініктерін кеңейту. «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсінеді. Тұзды қамырдан бейне жасай алуға үйренеді.

**Қалыптасқан әдет:** Тыңдай біледі, әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді, өзіне баға бере білуі.
**Істей білуі:** Тыңдайды, әңгімелейді, бейне жасайды.



Scanned by TapScanner